

**Түркістан облысы ДСБ «Облыстық офтальмологиялық ауруханасы»
ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бойынша
жұмысшы тобының №1 хаттамасы**

20.06.2024 жыл

Шымкент қ.

Қатысқандар:

Жұмысшы топ мүшелері:

М.Н.Кыдырбаева – басшының медициналық сапасын бақылау
жөніндегі орынбасарының м.а

Н.А.Байдеуов - №2 МХБ меңгерушісі

Е.Ж.Сыбанқұл - дәрігер-офтальмолог

Ғ.Батырбекқызы – материалдық есепші

Ж.С.Мусабекова – заңгер, комплаенс офицер

Р.С.Ағниязова - "Ақниет" Қазақстандық денсаулық сақтау
қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы" ҚБ Шымкент қаласы мен
Түркістан облысы филиалының төрайымы

Өткізілген орны: Шымкент қаласы, Д.Курманбеков көшесі, 2/6, мәжіліс
залы. Өткізілген уақыты: сағат 15-00, 20 маусым 2024 жыл

Күн тәртібі:

1) «Облыстық офтальмологиялық ауруханасы» ШЖҚ МКК (әрі қарай –
ОА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын ала талдау нәтижелерін
талқылау;

Жиналыста келесі мәселелер айтылды:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңына және Қазақстан
Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19
қазандағы №12 бұйрығына сәйкес, Түркістан облысы денсаулық сақтау
басқармасының «Облыстық офтальмологиялық ауруханасы» ШЖҚ МКК
(бұдан әрі - Кәсіпорын) басшысының 2024 жылғы 11 сәуірдегі «Сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 96-н/қ бұйрығы
негізінде 07.08.2023-17.05.2024 жылдар аралығында ОА-да сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне алдын ала ішкі талдау (әрі-қарай – ішкі талдау)
жүргізілді.

1) Бөлімнің қызметін реттейтін заңнамалардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелер бойынша талдау объектісі қызметіндегі сыбайлас қауіптерін анықтау;

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдірен ішкі талдау жүргізудің жұмыс тобы бөлімнің өз қызметінде басшылыққа алатын Заңдар, Кодекстер, нормативтік-құқықтық актілер, басқа да құқықтық актілерді қарастыру.

Түркістан облысы бойынша күзіретті органдардың сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде анықталған кемшіліктер:

Персоналды басқару бойынша шығарылған бұйрықтарда баптары толық көрсетілмей, Еңбек кодексінің талаптары сақталмаған.

Жоғарыда анықталған тәуекелдерді жою мақсатында төмендегідей ұсынымдар беріліп отыр:

1. ТО ДСБ «Облыстық офтальмологиялық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормаларды анықтау;

2. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және қылмыс фактілерін жасауға жол бермеу туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

3. Құжаттарды рәсімдеу кезінде заң талаптарының сақталуын қадағалау;

Жиналыс барысында "Ақниет" Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы" ҚБ Шымкент қаласы мен Түркістан облысы филиалының төрайымы Р.С.Ағниязова денсаулық сақтау саласында халыққа медициналық қызметтің қолайлы әрі сапалы көрсетілуіне ықпал жасалуы туралы ой-пікірін білдіріп өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер қаралып, болашақта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және қылмыс фактілерін жасауға жол бермеу басты назарда болуы туралы айтылды.

Жұмыс тобының жетекшісі

М.Н.Кыдырбаева

Комплаенс офицері, заңгер

Ж.Мусабекова







Университет
Починувшияи
Билэтинэи, 1991

